

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу ді үйимдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 69 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 11 сәуірде № 9-19-152 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес және "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу ді үйимдастыру және қамтамасыз ету туралы" нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3756 тіркелген, Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы № 118 қаулысын іске асыру мақсатында, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиyrма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиyrма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуы жөніндегі іс-шаралар 2011 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында үйимдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Ұзынкөл ауданының селолық округтер, Ұзынкөл, Ряжский, Троебрат селоларының әкімдеріне шақыру комиссиясының отырысына әскерге шақырылушылардың толық келуін қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері қатарына шақыруды жүргізу мен шақырылышыларды жөнелту кезінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтарды шақыруды өткізуге және шақыруышылардың санынан тұлғаларды жеткізуге өз құзыretі шегінде қажетті көмек көрсету;

3) әскери міндетті орындаудан жалтарып жүрген тұлғаларды өз құзыretі шегінде іздестіруін жүзеге асыру;

4. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне шақыруды ұйымдастыру және жүргізу және әскерге жіберу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жоспарында қарастырылған қаражат есебінен 122-005-000 "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шенберіндегі іс-шаралар" бағдарламасы бойынша жүзеге асыру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Э.К. Күзенбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы сәуірден туындаған қатынастарға таратылады.

Ұзынкөл ауданының әкімі

Т. Ташмагамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы әкімдігінің  
денсаулық сактау Басқармасы  
"Ұзынкөл аудандық орталық  
ауруханасы" мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының бас дәрігері

\_\_\_\_\_ К. Ержанов

2011 жылғы 25 наурызда

"Қазақстан Республикасы  
ішкі істер Министрлігі  
Қостанай облысының ішкі  
істер Департаменті Ұзынкөл  
ауданының ішкі істер бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

\_\_\_\_\_ А. Елисеев

2011 жылғы 25 наурызда

"Ұзынкөл ауданының Қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

\_\_\_\_\_ О. Оразалиев

2011 жылғы 25 наурызда

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК